

ӘӨЖ 908 (045)
МРНТИ 03.20
DOI 10. 56525/SGWF5521

XIX ҒАСЫР СОҢЫ - XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУДАҒЫ МЕШІТ-МЕДРЕСЕЛЕР (МҰРАҒАТ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Ережепова Р. Г.

Есенов Университеті, Ақтау, Қазақстан

e-mail:rimma.erezhepova@yu.edu.kz

Аңдатпа: Маңғыстау түбегіндегі XIX ғасырдың соңы-XX ғасырдың басындағы халықтық білім берудегі кең тараған үрдістің бірі-діни мекемелерден білім алу болды. Мешіт-медреселер сол кезеңдегі діни, рухани білім берудегі рухани ошақ орындары болып қала берді. Мұрағат деректері көрсеткендей, Батыс Қазақстан аймағында ислам дінінің күшеюімен мешіттер саны көбейген. Маңғыстау түбегі жергілікті халықты сауаттандыруға бағытталған мешіт-медреселерімен танылған аймақ болды. Уфа, Орта Азия жерлерінен білім алған діни сауатты тұлғалар тек қана діни білім беріп қана қоймай, гуманитарлық, жаратылыстану, араб-парсы ғылымдарымен де халықты сауаттандырған.

Маңғыстау түбегіндегі мешіт-медреселердің жұмыс жасауы Қазан төңкерісіне дейін және Кеңес өкіметі жылдарына сәйкес келеді. Аталған кезеңдердегі мешіт-медреселер саны мен білім алушылар саны Закаспий облысындағы болыс-ауылдар бойынша анықталған. Сондай-ақ, патша өкіметі билігі кезіндегі жазылған құжаттар мешіт-медреселердегі білім алушылардың жай-күйі, саны, құрамы туралы мәліметтерді толықтыра түседі.

Маңғыстау өлкесіндегі XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы халықтың қолданысында болған мешіт – медреселерге, олардың рөлі мен маңызына тоқталсақ, XX ғасыр басындағы мешіт-медреселердің өлкенің мұрағат қорларындағы статистикалық мәліметтеріне талдау жасалынып, олардың жай-күйі құжаттар арқылы сипатталады.

Түйін сөздер: Медресе, халықтық білім, мұсылмандық бағыт, діни білім; мұрағат деректері.

Кіріспе. Қазіргі кездегі жаһандану үдерісі, қолжетімді ақпараттар легі жастардың бойында ақпараттарды електен өткізе білу, теріс пиғылды идеологияларға қарсы тұра білетін иммунитетті қалыптастыруды қажет етеді. Өйткені қазіргі таңда жат пиғылды ағымдардың ықпалына еріп, экстремистік әрекеттердің қатарын толықтырушылар осы жастар болып отырғаны белгілі. Жастардың мұндай әрекетке баруының басты себебі ретінде олардың білім, сауаттылық деңгейінің төмендігін айтуға болады. Экстремистік идеялар халықты өзінің ертеден келе жатқан бай рухани құндылықтары мен салт-дәстүрінен бас тартқыза отырып, мәдени, тарихи, рухани санасын жойып жіберуді көздейді. Мұндай идеология кез келген мемлекет секілді Қазақстан қоғамының да ішкі тұрақтылығына елеулі қатер төндіреді.

Бұған қарсы тұра білудің жолы жастардың діни сауатын арттыру, оларды адамгершілікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу, ұлттық салт-дәстүрімізді бойларына сіңіріп, дәріптеу, оларды еліне, жеріне, дәстүріне, дініне жанашыр азамат етіп тәрбиелеу болып табылады. Қазақ елінің бірлігінің қалыптасуы мен өркендеуі дәстүрлі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтармен сабақтасқан түрде жүзеге асады.

Діни ағартуды мақсат еткен XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Кеңес үкіметінің қудалауына төзіп заманның қиындығына қарамастан, халықты сауаттандыруда және рухани байытуда Маңғыстау түбегіндегі мешіт-медреселердің, онда қызмет еткен дәстүрлі ислам өкілдерінің рухани-ағартушылық қызметін жаңа деректермен зерттеу негізгі мақсат болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Маңғыстау түбегіндегі аталған кезеңдердегі діни білім беруде қызмет еткен мешіт-медреселердің және білім алушылардың саны, болыстық,

уездік, ауылдық қызметі бойынша мәліметтер мұрағат деректері және этнографиялық, ауызша далалық ақпарат жинау негізінде жинақталды. Алайда, қарастырылып отырған кезеңдегі мәліметтер басқа губернияға қарағандықтан жеткіліксіз болып отыр.

Көнеден жеткен мәдени-тарихи ғимараттарды сақтау және келер ұрпаққа жеткізу мақсатымен Маңғыстау облысының әкімдігінің қолдауымен «Киелі мекен-Маңғыстау» атты экспедиция, сондай-ақ, Маңғыстау облысының тарихи-мәдени ескерткіштерін қорғау мекемесінің тапсырмасымен Үстірт мешіттерін зерттеу мақсатында экспедициялардың жұмысы негізінде жинақталған материалдар қоры да қолданылды.

Сондай-ақ, жергілікті этнографтардың ауызша және жеке қорларынан, соның ішінде өлкетанушы А. Еділхановтың және З.Ижановтың жинаған материалдары мен статистикалық ақпараттары да негіз болды.

Зерттеу барысында ғылыми танымның негізгі қағидалары салыстыру әдісі қолданылды. Салыстырмалы әдістің негізі ретінде нысан мен құбылыстың байланысы анықталады. Аталған әдіс қолданылуына байланысты құбылыстардың заңдылықтарын анықтауға, қоғамдағы өзгерістер мен даму үрдісін айқындауға мүмкіндік береді.

XIX ғасырдың соңы -XX ғасыр басындағы Қазақстан жеріндегі Қазан төңкерісіне дейінгі және кейінгі мектеп-медреселердің саны мен жай-күйі, соның ішінде Оңтүстік аймақ, Ақмола, Торғай, Жетісу, Орынбор аймағындағы және Алаш Орда тұсындағы Батыс Қазақстан өңірі уездерінің мешіттерінің саны, ауылдағы білім беретін мешіттер мен онда сабақ беретін ұстаздар мен шәкірттер саны Маңғыстау түбегіндегі мешіт-медреселер санымен салыстырмалы зерттеледі. Сондай-ақ, Закаспий облысы уездеріндегі ауылдардағы мектептер мен мешіт-медреселер санына, ондағы білім алушылар мен олардың құрамына, білім беретін ұстаздар санына талдау жасалынып, өлкедегі Маңғыстауға белгілі болған мешіт-медреселерге сипаттама беріледі. Осылайша салыстырмалы түрлі кезеңдерінде математикалық әдістерді қолдану мүмкіндіктері де туындады.

Келесі әдістің бірі – типологиялық әдіс бойынша бір-біріне ұқсас құбылыстар мен процесстер тобын айқындап, нақты тарихи шындықтың логикалық моделі ретінде қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Салыстырмалы әдіс сияқты салыстыру тәсілдеріне сүйене отырып, зерттеліп отырған құбылыстың маңызды келбетін айқындап береді. Зерттеу барысында типологиялық әдіс бойынша зерттеліп отырған кезеңдегі патша өкіметі тұсындағы және Қазақ төңкерісінен кейінгі жылдардағы оқиғалардың негізінде қалыптасқан білім беру мекемелерінің қоғамдағы рөлі, сол кезеңдегі құбылыстар мен қоғамның рухани болмысы, көші-қон, әлеуметтік қатынастардың байланысы айқындалды.

Ислам діні қазақ жеріне таралғаннан бері міндетті түрде медреселер салынғаны белгілі. Сондай-ақ, медреселер қоғамға қызмет ететін адал және өз ісіне берілген азаматты тәрбиелеуге көңіл бөлінетін білім ортасы болып табылды және ол жерде шәкірттер мәдени-ғылыми және араб-парсы әлемінің діни ілімдері оқытылды.

«Медресе» - сөзі араб тілінен аударғанда «дараса» - «сабақ, дәріс алу, оқу» дегенді білдіреді. Кең мағынада «медресе» сөзі мұсылман әлемінде орта және жоғарғы білім беретін оқу орындары есебінде қабылданған. Медреселердің барлығы дінді оқытудан басқа гуманитарлық ғылымдар мен медицинаға, жаратылыстану, тіл ғылымдарын оқытқан.

1917 жылға дейін Сайрам мен Түркістанда, Ақмешітте, Әулиеатада 31 медресе, ал Семейде 5083 оқушысы бар 17 мектеп пен медресе болса, Торғай облысында – 457 баласы бар 59, Ақмолада – 14, Шығыс Қазақстанда – 415 ер бала оқыған 36 медресе жұмыс жасаған. 1910 жылғы мәлімет бойынша 12835 шәкірт оқитын Жетісуда 88 медресе, 7 мұсылман мектебі, Орал аумағында 4926 оқушысы бар 206 медресе білім берген.

Қазан төңкерісіне дейін Орынбор аумағында 104 мектеп, оның ішінде 10 мектеп жаңа үлгіде болған болса, 94-і медресе қызмет еткен [1,14 б.].

XIX ғасырдың ортасынан бастап, Қазақстанда ислам күшейе бастағаны белгілі. Осыған орай, қазақ даласында рухани ошақ орнына айналған мешіттер саны көбейді. Батыс Қазақстан архив деректерінде көрсетілгендей, Қазақ жерінің батыс өңіріндегі мешіттер саны көп болған, олардың саны анықталған [2.35]. Мысалы, Алаш Орда тұсындағы Жымпиты уезіндегі

мешіттердің саны, атауы, ауылдардағы мешіттер саны, әр ауылда қызмет еткен имамдардың аты-жөндері, қызметке кірісуге рұқсат берілгендігі туралы бұйрықтар арқылы қаншалықты мұсылман дінінің ілімдерін оқыту құқығы берілгендігін анықтауға болады [3.366.]. Сонымен байланысты, Қазақстанның Маңғыстау өлкесі басқа аймақтарға қарағанда, салт-дәстүрімен діни салт-жоралғысы астарласқан, ислам дінінің таралуымен қатар, осы аймақтан шыққан дін өкілдерінің қызметімен ерекшеленеді. Ең бірінші бөліп көрсететін ерекшелік – бұл өңірдің географиялық орналасуында аталған аймақ Орта Азия, Каспий маңы елдерімен көршілес болды. Аймақтағы діни сауатты тұлғалар – ахун, ишан, молдалар Бұхара, Хиуа, Самарқан қалаларындағы діни сауат ашатын білім орындарында оқып, тәмамдап, елге қайтып оралып, жергілікті халық ішінде қызмет етті.

Маңғыстау түбегі өзге аймақтарға қарағанда өзінің жерасты мешіт-медреселерімен ерекшеленетін аймақ болып табылады.

Қазіргі уақытта бұл жерде облыс көлемінде 14 жер асты мешіті бар. Маңғыстаулық ақын Түмен Балтабасұлы (1884-1957жж.) жырлағандай:

...Маңғыстау, білемісің, неғылған жер?!

Қашаннан қалың дәулет бағылған жер.

Бұл жерден кімдер кетіп, кім қалмаған,

Қара жер қаза жетсе, кімді алмаған?!

Қызылбас, қыпшақ, қырғыз, қытай, қырым,

Айладыр – алтау болса, қалмақ – жеті,

Ерлерден ертедегі қалынған жер, - деп Маңғыстау түбегінің ерекшелігін атап өтеді.

Маңғыстауда Қазан төңкерісіне дейін көптеген мешіт-медреселердің қызметіне халық жүгінсе, оларды жергілікті халықтың өзі қаржыландырып отырды. Мешіттерді қаржысы бар адамдар өз есебінен салдырып отырды. Мысалы, Тұщықұдық ауылында «Айдар ишан» мешіті ашылғанда дәулетті азамат руы Дәулеталы Қоштай ірілі-ұсақ мал байлаған. Ал, Маңғыстау ауданы, Оңды аулы маңындағы Мырзайыр, Басқұдық жерінде мешіттерді Б. Меделиев өз қаражатына салдырған. Тек Тұщықұдық аулының өзінде 20-дан астам мешітті ауқатты азаматтар салдырып, жергілікті тұрғындардың балалары білім алған [4.376.].

XIX ғасырдың ортасы – XX ғасырдың басындағы Маңғыстау мешіттерінің дін таратудағы және оқу-ағарту саласындағы рөлі оразан зор болған. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында жұмыс жасаған зерттеу тобы Үстірттен бастап, Сам жеріндегі мешіттерден аяқтап, 17 мәдени-тарихи және діни ғимараттарды зерттеген. Экспедиция құрамындағы өлкетанушылар, дінтанушылар мен тарихшы ғалымдар мешіттердің ерекшеліктерін көрсетеді. Егер Үстірттегі мешіттердің көпшілігі ақ ұлу тастардан тегістеліп қашалса, ал, Сам жеріндегі мешіттер саман мен саз балшық қосылып тұрғызылған.

1929 жылға дейін жұмыс жасаған Көркембай мешіті Бейнеу ауданынан 40 шақырым жерде орналасқан. Аталған мешіт ғимараты жартылай мешіт, жартысы медресе қызметін атқарған. Бұл тек Көркембай мешітіне ғана тән архитектура. Хиуадағы Шерғазы мешітіне ұқсас салынған Көркембай мешіті жанында жер асты суы бар құдықтары бар. Тарихи деректер мен аңыз-әңгімелердің айтуынша Көркембай ахун ел арасында діни білімді болған. Бұл мешіт 1928 жылға дейін діни білім беретін орын ретінде пайдаланылып, онда жергілікті балалар дәріс алған. Мешітте Бектұрлыұлы Көркембай ахун, Абдолла хазірет, Шәудір ишан, Мәткәрім сабақ берген. Көркембай ахун Кеңес өкіметі тарапынан қуғындалып, өзі Тәжікстанға қоныс аударған [5.386.].

Үстірт жеріндегі 1932 жылдарға дейін қызмет еткен Сұлтан ахунның, Сам құмындағы Сейсенбай ахун, Қошмағанбет ишан, руы түркіменадай Түзбай ахун, руы Қосқұлақ Төлеш ишан, Қызыләскердегі Бектұр-Тектұр ишан, Тұрыш ишан мен Ноғайты елді мекеніндегі Сейсенбай ахун мешіттері елге белгілі, халық өз игілігіне пайдаланып, сауат ашқан мешіттер болған. Мұның өзі осы өңірде діни сауаттылықтың жоғары болғанын және діни сауатты адамдардың қызметінің ел арасында қолданыста болғанын көрсетеді.

Сам құмындағы мешіттердің Үстірттегі мешіт-медреселерден айырмашылығы - құмды саз алшықтан соғылғандықтан көп жағдайда бұзылған. Осындағы мешіттерде сабақ берген

діни сауаттылардың барлығы ахун болған. Ноғайтыдағы Сейсенбай ата мешіті 30 бөлмеден тұратын мешіт болған. Оны ахунның ауқатты туысы Көшекбай деген кісі салдырған. Сейсенбай ахун Хиуада 12 жыл білім алып, елге оралған соң Көшекбай салдырған мешітте өзі бас имам болып бала оқытады. Ол қайтыс болғаннан кейін Кеңес билігі орнап, оның мешіті қараусыз қалып бұзылады. Оның шәкірттері Кіші жүзден келіп оқып, молда атанған. Соның ішінде 102 жыл өмір сүрген Таңжарық молда осында сабақ берген. Сам құмындағы үлкен мешіттердің бірі – ишан Қошмағанбет Есжанұлының мешіті. Ол 1864 жылы осы жерде дүниеге келген және сол мешітте ахун қызметін атқарды. Елдің айтуынша ол молдадан білім алмаған және дін ілімі оған Құдайдан берілген дейді [6,396.].

Қазақстан тарихында алғаш Жәңгірхан 1841 жылы ашқан «Жәңгірхан мектебі», 1864 жылғы Ы.Алтынсариннің «Ыбырай мектебі», «Мамания» деп аталған 1899 жылы Жетісу өңіріндегі Есенқұл Мамановтың мектебі т.б. білім ошақтары қазақ балаларына білім берсе, XIX ғасырда Маңғыстаудағы аты белгілі мектеп «Оразмағамбет мектебі» жұмыс жасаған болатын. Халықтың сауатын ашуда қызмет еткен аталған мектептің өз жолы мен тарихы болды.

Қазақтан шыққан тұңғыш геолог, ірі қоғам қайраткері, ағартушы-педагог Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы 1882 жылы Маңғыстаудың Қызылсу жерінде дүниеге келген. Әмбебап ғалым қазақтың ағартушылық, білім беру ісінде тарихында қалған ұстаздардың бірі болған Оразмағамбет шығыс және батыс халықтарының тарихын, мәдениетін жақсы білген. Жаратылыстану, тау-кен ісі, медицина ғылымдарын терең меңгерген. Оның алдына қойған мақсаты – қазақ жастарының сауатын ашу, жақсы білім беру. Себебі оның өскен ортасы, шыққан тегі, ата-бабалары мықты ғұлама адамдар болған.

Елге келген соң өз қаражатымен медресе, мектеп ашып, елдің балаларын оқытқан. XX ғасыр басында ресми тіркеліп, ағартушылықпен айналысқан діни қызметкерлердің тізімінде №33-ші болып тіркелген. Оның әкесі Тұрмағамбет ахун-Көрпе ауылындағы ұстаз, Маңғышлақ уезінде білім алған, түрікше, арабша сауатты, Қызылсу жерінде бала оқытқан [7,447 б].

«Сарыбектен туған Тұрмағамбет заманында тек Маңғыстау емес, Орта Азия діни орталарында белгілі тұлға болды. Көне Үргеніште қарақалпақ Омар ахуннан дәріс алып, елге оралады. Мешіт ашып, бала оқытады. Оразмағамбет Иранға барғаннан кейін Реза Шах Пехлевиге жазған хатында: «Біздер Қазақстан, Адай тайпасы, Маңғыстау ауданы, Қызылсу ауылынан «Даролұлым» медресе-мешітінен келгенбіз. Діни басқарманың №132-бұйрығы бойынша әкем Тұрмағамбет осы медресенің негізін қалағаннан бері имам әрі кәміл-мүршіт – ұстаз еді. Ол 1918 жыл бақилық болды. Әкем өмірден өткесін шама-шарқым келгенше ұстаз болып елді сауаттандыру жұмысына кірістім,»-деп жазды [8,178 б.].

Жергілікті қазақ балаларына білім беруде және Маңғыстау халқы қадір тұтқан ұстаздардың бірі - Айдар ишан Шайхысламұлы болды. Ол 1848 - 1923 жылдары өмір сүрген. Оның әкесі Шайхыслам сауатты болған. Ол баласы Айдарды Бұхараға жібереді. Бұхарада оқып, діни білім алған Айдар ишан дін жолы мен адамгершілік жолын берік ұстанды. Елге оралғаннан кейін мешіт ашып, балаларға дәріс береді. Оның мешітінің орны Тұщықұдық ауылында сақталған [9,42 б.].

Зерттеу нәтижелері. Жоғарыда аталған балаларға білім берген білім орындары Маңғыстаудағы көп мешіт-медреселердің бастылары болып табылады. Ал, өлкедегі қарастырылып отырған кезеңдегі жұмыс істеген мешіт-медреселердің санына тоқталатын болсақ, ол туралы мәліметтер мұрағат беттерінде патша өкіметі тұсында жазылған құжаттар арқылы сипатталады.

Бұл құжаттарда Маңғыстау болыстары оқу орындарын медресе деп, мектеб деп екіге бөліп қарастырады. Медресе тастан салынған жылжымайтын ғимарат та, мектебі жыл ішінде елмен бірге көшіп жүруге мүмкіндік беретін киіз үйге орналасқан. 1909 жылғы жоғарыға берген ақпарларында бұл болыстар бәрі бір ауыздан медреселердің іске қосылғанына 30 жыл болды дейді, соған қарағанда өлкемізде жаппай медресе салу үрдісі XIX ғасырдың аяқ тұсында етек алған сияқты.

Маңғыстау өлкесінде қанша мектеп-медресе болды, оның қаншасы халыққа қызмет етті, жағдайы қандай болды және кімдер ұстаздық етті деген мәліметтер маңызды болып отыр. Облыс мұрағаттарында XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басындағы Закаспий облысы уездеріндегі мектеп – медреселердің саны, ондағы шәкірттер саны мен құрамы ауыл, ру қарамағындағы статистикалық мәліметтермен толықтырылған.

1886 жылы Маңғыстау уезінде 22 мешіттің жанында медресе болған. Патша шенеуіктері медресе санының бұдан көп екендігін, жердің шалғайлығына байланысты дәл санын шығара алмағандықтарын облыс бастығына жазған ақпарларында «Форт-Александровскте 1 училище, Николаевск станицасында 1 приходтік мектеп бар. Одан басқа, көптеген медреселер бар, олардың санын, сонымен бірге оларда оқитындардың санын анықтау мүмкін емес, өйткені медреселер тек қана қысқы мезгілде ашылып, олардың саны айналадағы қырғыздар мен түркімендердің көшіп-қонуына байланысты. Бұл медреселердің оқушылары – молдалар, тек қана Орал облысы мен Хиуа шекараларынан шыққандар. Уезде Еврей мектептері мүлде жоқ. Оларда 22 ұстаз, 145 шәкірт, соның ішінде 8-і қыз бала, оқыған [10,169 б.].

Ал 1892 жылғы ақпарлар бойынша уезде 34 медресе жұмыс жасаған (Маңғыстау болысында – 5, 1-Бозашыда – 2, 2-Бозашыда – 9, Райымбердіде – 4, Түрікпенадайда – 7, Жеменейде – 3, Түрікпенде – 4, Түпқарағаннан мәлімет ала алмаған), оларда 322 ер бала, 170 қыз бала сабақ алған. Бірақ балалардың саны толық емес, мысалы, аталмыш құжатта Түпқараған, 2-Бозашы, Жеменей болыстарындағы оқушылар саны келтірілмеген. Соған қарағанда, шәкірттер құрамы өте көлемді болған, әсіресе қыз балалардың көптігі таң қалдырады.

1909 жылы бір ғана Түрікпенадай болысында 7 медресе, 9 мектебі болған, соның ішінде Бәли ата ауылында 2 медресе, 2 мектебі, Жаманадайда – 1 де 2, Таңат-Шалбарда – 1 де 1, Тәңірбергенде – 1 де 1, Қарашта – 2 де 1, Бегейде, Байдәулетте – бір-бір мектебінен, ал Құдайберген, Құнанорыс-1, Құнанорыс-2 ауылдарынан мәлімет ала алмапты.

Ал, 1907 жылғы Бозашы болысының Кеше, Мендібай, Жетімек, Ырсалы, Дәулеталы, Игілік ауылдары бойынша мәліметтер келтірілмеген. Ескелді ауылында ғана 5 мектеп, онда 200 оқушы, 1 медресе, 20 оқушы болған [11,19 б.]. Сол жылы 2-Бозашы болысында 4 медресе, 6 мектебі болыпты. Мысалы, Тастемір-1, Тастемір-2, Тоқтамыс ауылдарында бір-бір медресе, бір-бірден мектебі қызмет еткен. Құдайберген ауылында 1 медресе, ал Бектеміс-1, Бектеміс-2, Майлан ауылдарында бір-бір мектебі болған. Базар, Шотан ауылдарынан мәлімет келтіре алмаған. [12,19 б.].

«Маңғыстау» энциклопедиясында «1870-1896 жылдар аралығында отызға тарта мұсылман мектептері жұмыс істеп, онда жылына 300-ге тарта бала оқу бітіріп отырған» деген мәлімет те кездеседі [13,116 б.].

1911 жылғы Түркмен-Адай болысының түземдік мектептерінің ақпаратта I Маңғышлақ болысының ауылдарында бір-бірден мектептер болса, барлығы 88 оқушы болған. Оның ішінде сауаттылары тек ер адамдар ғана болса, әйел адамдар туралы ақпарат кездеспейді. Сауатты ер адамдар 16-ны құраса, балалар ішінен 59-ы білім алған. Болыстық бойынша 8 медресе жұмыс жасап, онда 8 мұғалім қызмет еткен. Курсты аяқтағандар туралы мәлімет жоқ [14,15 б.]. Бұл мәліметтер 2-ші кестеде берілген.

1-кестеде 1907 ж. Бозашы болысының ауылдары бойынша оқу мекемелері туралы ақпаратында тек Ескелді аулынан мәлімет алынған [15,16 б.].

Кесте 1.

1.Ауылдар атауы	2.Мектеб ғимаратымен бірге			3.Медресе			4.Киіз үйлердегі мектебтер		
	м	мұ	оқушы	медресе	мұғалім	оқушы	мұғалім	ұл	қыз

	е к т е б	Ғ ал і м	Ұ л	ҚЫЗ							
Бәли		-	-	-	1	1	10	1	1 0		5
	-				1	1	10	-	-		-
Жаманадай	-	-	-	-	1	1	8	1	7		4
Шалбар	-	-	-	1	1	8	-	-	-		-
Тәңірберген	-	-	-	-	1	1	6	1	1	6	4
Құдайберген	-	-	-	-	-	-	-	1	1	8	5
Бәйдәулет	-	-	-	-	1	1	15	-	-	-	-
	-	-	-	-	1	1	6	-	-	-	-
Қараш	-	-	-	-	1	1	-				
Бегей	-	-	-	-	1		-	-	-	-	-
Құнанорыс	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Құнанорыс II	-	-	-	-	-	-	-	1	1	6	2
Барлығы	-	-	-	-	7	7	63	5	5	3 7	20

Кесте 2.

Ауыл атауы	мектеп				медресе		
	саны	оқушы	оқушылар		саны	оқытушы	оқушылар
			ұл	қыз			
Кеңе	-	-	-	-	-	-	-
Меңдібай	-	-	-	-	-	-	-
Жетібек	-	-	-	-	-	-	-
Ырсалы	-	-	-	-	-	-	-
Дәулеталы	-	-	-	-	-	-	-
Ескелді	5	5	200	-	1	1	20
Игілік	-	-	-	-	-	-	-
Барлығы	5	5	200	-	1	1	20

Кесте 3. 1911 ж. I -Маңғышлақ болысының ауылдары бойынша түземдік дала мектептері туралы ведомостте ауылдардағы мектеп-медреселерден, оның білім алушылары туралы, жыныстық құрамы бойынша толық мәлімет берілген[15,15 п.].

Ауыл атауы	Мектеп саны		мұғалімдер	оқушылар	Курсты аяқтағандар	Сауатты ересектер		Сауатты балалар	
	мектеп	медресе				ер	Әйел	ұл	қыз
Қаржау	-	1	1	10	-	3	-	6	-
Қамысбай	-	1	1	8	-	2	-	6	-
Жаңай	-	1	1	15	-	3	-	10	-
Қожаназар	-	1	1	10	-	2	-	6	-
Өтеген	-	1	1	12	-	2	-	10	-
Тоқабай	-	1	1	8	-	1	-	7	-
Құлатоян	-	1	1	10		2	-	8	-
Әли-Тасым	-	1	1	15		1	-	6	-
Барлығы	-	8	8	88		16	-	59	-

1887 жылғы 30 желтоқсанда 1-ші Бозащы болыстығының басқарушысы Т.Есенжановтың Маңғыстау уездік басқарамасына жазған рапортында: «Мен басқаратын болыстықта медреселер бар: 1-шісі молда Қитар Тыңдамасовқа, 2-шісі Бұлыт жеріндегі қырғыз молда Сәрсен Тыңдамасовқа тиесілі. Бұл медреселерде тек қыс айларында, соған сәйкес, 7-20 жасағы 10-15 саны бар ер жынысты балалар оқиды. Оқу бастауыш сауаттылықтағы, Құдай заңы, оқу -жазу араб тілінде жүргізіледі. Басқа ғылымдардан басқаша пәндер оқытылмайды.

Жоғарыда айтылған қырғыздардан басқа медресе салуға рұқсат алған қырғыздар бар, бірақ, олар әлі бастаған жоқ», - деп ақпар береді [16,170 б.]. Бұл ақпардан белгілі болғандай Маңғыстау өлкесінде патша өкіметі тұсында діни оқу орындарын ашуға және балалардың діни білім алуына шектеу қойылмаған, алайда патша билік органдары бақылауда ұстап отырған. Осындай бақылаулардың XX ғасыр басындағы, яғни 1907-1911 жж. аралығындағы патша билігі органдарының арасында құпия жазылған кеңсе қағаздарының арасынан да көруге болады. Жоғарыда көрсеткендей, патша өкіметінің дін орындарын бақылауда ұстауды және олардың қызметі туралы есеп беріп отыруды облыстың халық училищелері инспекторларына тапсырған еді.

Түркістан өлкесі генерал-губернаторлығының қатынас хатының көшірмесіне сай, Закаспий облысында да патша шенеуніктері дін мәселесін басты назарда ұстап отырғандығын капитан Рукиннің 1908 жылғы 7 қыркүйекте облыс кеңсесіне жазған № 238 хатынан көруге болады: «Закаспий облысы мұсылмандарына қатысты төмендегідей мәлімет беруді өтінемін:

1. Мешіттер саны (үлкен, кіші)
2. Мектеп-медреселер саны мен оларда оқитын оқушылар.
3. Діни тұлғалардың жеке құрамы, олардың разряды, білім алған орны, секталарға қатысы
4. Монахтық қауымдардың бар-жоқ екендігі, және олардың ықпалы.
5. Мешіттердің, мектептер мен діни тұлғалардың материалдық жағдайы:

А) қаржыландыратын қаражатының болуы, көлемі, сақтау орны және шығындау тәртібі.

Б) Вакууфтер, олардың кірісі, шығындау тәртібі.

В) дін өкілдері мен мектеп мұғалімдерін ынталандыру көлемі.

6. Соңғы үш жылдағы қажылыққа барушылардың саны. Олардың арасынан қажылықтан келгенде жағымсыз уағыздардың болуы байқалмады ма... Аталған барлық ақпараттар әрбір уезд бойынша талап етіледі», капитан Рукин-деп қол қойған [17, 20 б.].

Осы құжатқа сай, Маңғышлақ уездінің міндетін атқарушы, подполковник Михайлов 1908 жылдың 17 қазанындағы № 14989 құпия ақпараттық хатында:

«1. Уездегі мешіттер саны – 2 (кіші).

2. 25 оқытушысы, 460 оқушысы 25 медресе, 547 оқушысы, 42 оқытушысы бар 42 мектеп бар.

3. Молдалар мешіттерде де, медресе-мектептерде де балаларды оқытады. Оның ішінде тек біреуі ғана Астрахань діни мұсылман училищесінде оқыған, қалғандары – 68-і арнайы білім алмаған. Олардың барлығы – сунниттік ағымға жатады.

4. Монахтық бөлек қауымдар уезде жоқ.

5. Мешіттер мен медреселерге, діни адамдарға тиесілі меншік пен капитал жоқ. Барлық молдалар діни талаптары мен бала оқытқаны үшін ақы алады, одан басқа сыйақы алмайды.

6. 1905 жылы Меккеге 10 адам қажылықта болса, соңғы 2 жылда мүлде болмады. Меккеден келгендер түземдіктер арасында уағыз айтқан жоқ. Және олар белгілі бір құрметке ие болған жоқ», - деп жауап қайтарған [18, 21 б.] Осылайша, патша үкіметі билік органдары уездер бойынша 1907-1912 жж. аралығында мұсылмандық діни мектептердегі шәкірттер мен оқытушылардың санын жүйелі түрде сұрап отырған.

Қарастырылып отырған кезеңдегі медресе-мектептерде ұстаз қызметін атқарған діни сауатты тұлғаларды есімдері де құжаттарда жиі кездеседі. 1887 жылы Тұщықұдық медресесінде Айдар Шейх Исламов, Сазды медресесінде Нұрнияз Төлепбергенов, Түпқараған болысының Басқұдық жерінде молла Бердіқожа Мамұхамедов, Тарталы мекенінде ишан Байтілеу Өтеулиев, 1-Бозашы болысына қарасты Шетпеді Қитар Тәттіқадамов, Бұлышта молла Сәрсен Тыңдамасов, Тасорпада Кабвел (құжатта солай) Мантайқов, 2-Бозашыдағы Бесбұлақта Құлмамбет Нұрымов, Шебірде Төлеу Сұлтангелдиев, Чотак (құжатта солай) жерінде Жанұзақ Есенгелдиев, Жармышта Орынбай Қалдыаманов, Иткелдіде Қылышанияз Алтынбек, Кежі-Қаламқаста Тілеке Үсенов, Маңғыстау болысындағы Сұмсада молла Таймас, Ақтөбеде Аққұлы Түркістанов, Жармада Якуп Кошақанов, Қойланда молла Сейітмағамбет, Шонда Құрманалі, Жыңғылдыда Есқали Бимәмбетов, Ақтөбеде молла Оразалі, Ақпанда молла Есенбай, Қаражарда Төлей Құдайбергеновтер балаларға сабақ берген.

Ал 1909 жылғы мәліметке қарағанда Өтеғұл ауылының медресесінде 1864 жылы туған Әмзе Шалабаев, Қаржауларда Исанберді Шагиров (1844), Тоқабайларда Қожағұл Сейітмұхамедов (1864) ұстаздық еткен. Сүгірәлі-Жәдігер ауылының молласы 28 жастағы Әбдікерім Асқаров болған, медресесі Жармышта (құжатта солай) салынған, айналасы 30 аршын, 8 жылдан бері Асқар Махамбетов өз қаражатына ұстап келген, ал 26 жасар молла Ирисмағамбет (құжатта солай) Тұрмағамбетов Қызылсу мекенінде бала оқытқан, медресенің айналасы 33 аршын, 6 жылдан бері Тұрмағамбет Қадыловтың жеке қаржысына ұсталған. Жармышта тағы бір мешіт болған, оны осыдан 20 жыл бұрын Ескелді ауылының қазағы Орынбай Қалдыаманов салдырған, үш бөлмеден тұрады, бірінде намаз оқылады, келесі бөлмесінде сабақ беріледі, ал үшіншісінде өзі тұрады дейді. О. Қалдыаманов 69 жаста, алғашқы білімді уезде алған, кейін Көне Үргеніште оқыған, білік дәрежесі «Мұхтасар» болған.

Бокқара ауылында 1909 жылы екі мектеп болған, бірінде 20 жастағы Отарғали Өскенбаев 5 жылдан бері, екіншісінде 20 жастағы Ізтұрған Қоғанов 3 жылдан бері ұстаздық еткен. Байбоздың екі мектебінде 28 жастағы Қанат Мәмбетжанов пен Алтыбай Телібаевтар бірі 8 жылдан бері, екіншісі 5 жылдан бері бала оқытқан. Сүгірәлі-Жәдігерде 33 жастағы Ізбасар Қалилаев, 40 жастағы Хамза Байдәулетов, 45 жастағы Нұр Оспанов, Көрпеді 40-тағы Шұдабай Мұрынов, Сарыболатта 45-тегі Қыдырқожа Оразалиев, Байболда 43-тегі Тегісбай

Дәрімұратовтар 10 жылдан бері, ал 53 жастағы Жетімек Бөбенбиев Батыр ауылында, 42-дегі Жалғасбай Байтеберов Сегізбайда 12 жылдан бері шәкірт ұстап келеді делінген.

Өлкетанушы, мұрағатшы Алқажан Еділханұлының айтуынша, сол кезеңдердегі медресе құрылыстары жөніндегі мәліметтер де қызығушылық тудырады. Мысалы, 1-Маңғыстау болысының управителі Қуанышевтің 1909 жылғы 20 тамыздағы билік органдарына жазған ақпаратына қарағанда: «Өтеғұл ауылының медресесін Наурызбай салған, жазған ақпарында «из своего кирпича» делінген, ғимараттың ұзындығы 4 сажень, ені 2,5 сажень. Қаржау ауылының медресесін (3,5*2,5) әуелі Қожаназар ауылының қазағы Көбеген Есенов салып еді, қазір Жанбай Құлтумаев өз қаражатына ұстап отыр. Құл-Тоян ауылының медресесін (6*5) Құрманалы Қалышев салған, қазір Саттар Құрманалиев, 1854 жылы туған, ұстап отыр. Жаңай ауылының медресесін (4,5*1,3) Шабар Есенов, 1846 жылы туған, салдырып, өзі ұстап отыр. Тоқабай ауылының медресесін Куткен (құжатта жазылған) Алланазаров салдырып, өзі ұстап отыр. Қамысбай ауылының медресесін 1908 жылы Қоқан Алланазаров, 1866 жылы туған, салдырып, қазіргі кезде өз қаржысына ұстап отыр.

2-Маңғыстау болысынан Есқараевтың хабарлауынша: «Даң ауылының медресесін (ұзыны 4 сажень, ені 2,5 сажень) Құлыш Түменбаев салдырды, қазір Жүгініс Құлышев, 35 жаста, өз қаражатына ұстап отыр. Тоқсанбай ауылының медресесін (4*2) Назбай Оразбаев салдырып, өз қаржысына ұстап отыр» -делінген.

Біраз жылдар бойы мұсылман мектептері мен медреселерінде білім алудың жарамсыздығы туралы кері пікірлер қалыптасты. Бірақ, діни сауат ашу және білім алу қазақ халқының сауаттылық деңгейінің көтерілуіне айтарлықтай әсерін тигізді және қазақ қоғамындағы дәстүрлі мәдениеттің бір бөлшегіне айнала алды. Сол кезеңдегі қазақ қоғамындағы көзі ашық, сауатты зиялы қауым өкілдері осы орта арқылы қалыптасқан еді. Мысалы, Маңғыстау уезінде 64 мұсылмандық мектептер болды. Олардың өзінде 1003 шәкірт оқыды.

Қорытынды. Халықтың білім алу жолдары ертеден-ақ тек діни мұсылмандық бағытта дамып, сауаттылық деңгейі сол жолмен анықталып отырды. Маңғыстау аймағында діннің таралуына елді мекендер мен олардың қасында орналасқан жерасты мешіттері, жерасты құдықтары да қолайлы жағдай тудырған.

Қазақ даласымен қатар, осы аймақтағы алғашқы білім ошақтары бастауыш мұсылман мектептері мен медреселер болып табылады. Алғашқыда өз білімдерін жергілікті мектеп-медреселерден бастаған оқушылар әрі қарай өз білімдерін Орта Азия елдерінің және Орынбор, Уфа, Қазан сияқты ірі қалаларының діни оқу ошақтарында жалғастырып, оны тәмамдағаннан кейін олар өз ауылдарында мектеп-медреселер ашып, шәкірттерін оқытты. Бұл үрдіс ғасырлар бойы жалғасып, XX ғасыр басына дейін жеткен еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Типеров А.В. «История становления советского суда в Кыргызстане» (1917-1924ж.ж.) // Вестник Кыргызско-Российского славянского университета, 2013г. Т. 13. №. 2, 40с
2. Назаров О. // журнал «Историк», №107. 54с
3. Юнусова А.Б. Ислам в Башкортостане. 1999г. Уфимский полиграфкомбинат, 352с
4. Казиев С.Ш. Советская национальная политика и проблемы доверия в межнациональных отношениях в Казахстане (1917-1991годы) // Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. -М., 2015г. 273с
5. Одинцов М.И. Русская православная церковь накануне и в эпоху сталинского социализма. 1917-1953гг. -М., 2014. 158с.
6. Бердинских В.А., Бердинских И.В., Веремьев В.И. Система спецпоселения в Советском Союзе 1930-1950-х годов. –М.: Политическая энциклопедия, 2017. – 275с.
7. Дербісәлі Ә. Қазақстанның мешіттері мен медреселері. – А.:«Аруна» баспасы, 2009. – 496б

8. Орал қ. мұрағаты. Ф-237, ОП-1, Д-2. Св-1. Мечеть №12., Метрическая книга.
9. Орал қ. мұрағаты. Ф-249, ОП-2, Д-34. Св-3. Книга учета выдавших разрешения право на преподавания мусульманского вероучения в мечетях Джамбейтинского уезда на 1926 г.
10. Ижанов З. Мангышлак 1847-1920г.г. сборник архивных документов / Ижанов З. 2 здание. Алматы: Өлке, 2016. -344с.
11. МОММ. ҚРОМ-нан алынған Маңғыстау тарихы туралы құжаттар. 1900-1911ж.ж. № 475 қор. 1 тізімдеме. 22- іс. 19-21парақ.
- 12.МОММ. Маңғышлақтың табиғи байлықтары туралы (өзен-көлдері, өсімдігі), проф.Н.И. Андрусовтың геологиялық зерттеулері бойынша есебі, халқы, мектептер, мешіттер туралы құжаттар. 1907-1910ж.ж. № 475 қор. 1 тізімдеме. 18- іс. 19парақ.
13. «Маңғыстау» энциклопедиясы. – А.:«Қазақ энциклопедиясы», 2008. –116б
14. МОММ. Маңғышлақтың табиғи байлықтары туралы (өзен-көлдері, өсімдігі), проф.Н.И. Андрусовтың геологиялық зерттеулері бойынша есебі, халқы, мектептер, мешіттер туралы құжаттар. 1907-1910ж.ж. № 475 қор. 1 тізімдеме. 18- іс. 15-парақ
15. МОММ. Маңғышлақтың табиғи байлықтары туралы (өзен-көлдері, өсімдігі), проф.Н.И. Андрусовтың геологиялық зерттеулері бойынша есебі, халқы, мектептер, мешіттер туралы құжаттар. 1907-1910ж.ж. № 475 қор. 1 тізімдеме. 18- іс. 16- парақ
16. Ижанов З. Мангышлак 1847-1920г.г. сборник архивных документов / Ижанов З. 2 - здание. Алматы: Өлке, 2016. -344с.
17. Маңғыстау тарихы туралы құжаттар. 1900-1911ж.ж. № 475 қор. 1тізімдеме. 22- іс. 20-21-ші парақ.

REFERENCES

1. Tiperov A.V. "The History of the Formation of the Soviet Court in Kyrgyzstan" (1917-1924 f. f.) // Bulletin of the Kyrgyz-Russian Slavic University, 2013. Vol. 13. No. 2, 40 pages
2. Nazarov O. // Journal "Historian", No. 107. 54 pages
3. Yunusova A.B. Islam in Bashkortostan. 1999. Ufa Printing Plant, 352 pages
4. Kazyev S.Sh. Soviet National Policy and Trust Issues in International Relations in Kazakhstan (1917-1991) // Dissertation for the degree of Doctor of Historical Sciences. Moscow, 2015, 273 pages
5. Odintsov, M.I. "The Russian Orthodox Church on the Eve and in the Era of Stalin's Socialism." 1917-1953. Moscow, 2014. 158 pages.
6. Berdinskikh, V.A., Berdinskikh, I.V., Veremyev, V.I. "The System of Special Settlements in the Soviet Union in the 1930s-1950s." Moscow: Political Encyclopedia, 2017. 275 pages.
7. 7. Derbisali A. Mosques and madrasahs of Kazakhstan. – А.: "Aruna" publishing house, 2009.– 496p
8. Archive of the city of Uralsk.F-237, OP-1, D-2. Sv-1. Mosque №12., Metric book.
9. Archive of the city of Uralsk. F-249, OP-2, D-34. Sv-3. Book of registration of those who issued permits for the right to teach Muslim faith in mosques of Dzhambeytinsky district in 1926.
10. Izhanov Z. Mangyshlak 1847-1920. collection of archival documents / Izhanov Z. 2 buildings. Almaty: Ulke, 2016. -344 p.
11. МОММ. Documents on the history of Mangystau from the RKOM. 1900-1911. Fund 475. 1 catalog. 22- file. 19-21 pages.
12. МОММ. On the natural resources of Mangystau (rivers and lakes, vegetation), prof. N.I. Andrusov's report on geological research, documents on the population, schools, mosques. 1907-1910. Fund No. 475. 1 catalog. 18- file. 19 pages.
13. Encyclopedia "Mangystau". – А.: "Kazakh Encyclopedia", 2008. –116p
14. МОММ. On the natural resources of Mangyslak (rivers, lakes, vegetation), reports on geological research by prof. N.I. Andrusov, documents on population, schools, mosques. 1907-1910. Fund No. 475. 1 catalog. 18- file. 15-page
15. МОММ. On the natural resources of Mangyslak (rivers, lakes, vegetation), reports on geological research by prof. N.I. Andrusov, documents on population, schools, mosques. 1907-1910. Fund No. 475. 1 catalog. 18- file. 16- page

16. Izhanov Z. Mangyshlak 1847-1920. Collection of archival documents / Izhanov Z. 2 -zдание. Almaty: Region, 2016. -344p.

17. Documents on the history of Mangystau. 1900-1911. Fund No. 475. List 1. 22- file. 20-21-th sheet.

МЕДРЕСЕ-МЕЧЕТИ МАНГИСТАУСКОГО ПОЛУОСТРОВА В КОНЦЕ XIX ВЕКА – В НАЧАЛЕ XX ВЕКА

Ережепова Р.Г.

Университет Есенова, Актау, Казакстан

e-mail:rimma.erezhepova@yu.edu.kz

Аннотация: Одним из основных направлений в народном образовании на полуострове Мангистау в начале XX века стало образование в религиозных учреждениях. Мечети-медресе стали духовными очагами религиозного и духовного очага того периода. Как свидетельствуют архивные данные, в Западно-Казакстанском регионе с усилением исламской религии увеличилось количество мечетей. Полуостров Мангистау стал регионом, признанным мечетями-медресе, направленными на просвещение местного населения. Религиозно грамотные личности, получившие образование в Уфе, в Средней Азии, не только давали религиозное образование, но и обучали население гуманитарным, естественным, арабо-персидским наукам.

Функционирование мечетей-медресе на полуострове Мангистау соответствует Казанскому периоду и годам советской власти. Количество мечетей медресе и количество обучающихся за указанные периоды определено по волостям-селам Закаспийской области. Также документы, написанные при царской власти, дополняют сведения о состоянии, количество, о составе обучающихся в мечетях -медресе.

Говоря о медресе-мечети в Мангистауского края, о его роли, проанализированы статистические данные в архивных фондах края мечетей-медресе в начале века, состояние которых характеризуется документально.

Ключевые слова: Медресе, народное образование, мусульманское направление, религиозное образование, архивные источники.

MADRASAS-MOSQUES OF THE MANGYSTAU PENINSULA AT THE END OF THE XIXTH -BEGINNING OF THE XX TH CENTURY

Yerezhepova Rimma

Yessenov University, Aktau, Kazakhstan

e-mail:rimma.erezhepova@yu.edu.kz

Annotation: One of the main directions in public education on the Mangistau peninsula at the beginning of the twentieth century was education in religious institutions, where madrasas became spiritual centers hearth of that period. According to archival data, the number of mosques in the West Kazakhstan region has increased with the strengthening of the Islamic religion. The Mangistau Peninsula became a region recognized by madrasah mosques aimed at educating the local population. Religiously literate individuals who received education in Ufa, Central Asia, not only provided religious education, but also taught the population the humanities, natural sciences, and Arabic and Persian sciences.

The construction of madrasah mosques on the Mangistau Peninsula corresponds to the Kazan period and the years of soviet power. The number of madrasah mosques and the number student for the specified periods are determined by the volosts-villages of the Transcaspiian region. Also, documents written under the royal government supplement information about the state of the number the composition of students in madrasah mosques.

Speaking about the madrasah – mosques in the region and its role, the statistical data in the archival funds of the region of the madrasah-mosques at the beginning of the century are analyzed, the conditions in which they are documented.

Keywords: madrasahs, public education, Islam orientation, religious education, archival sources.